

түрде қажет деп есептейді. Ағылшын тілі сабағында сөйлесе білу қабілетімен байланысты 3- сұраққа оқушылардың 20% сабақта өз ойын мұғаліммен және құрбыларымен бөлісе білетінін жеткізді. Оқушылардың 46% сабақ аясында арақидік сөз әрекетіне қатысатынын білдірді. Өкінішке орай, оқушылардың 34% сөйлесімге келгенде қиналатынын ашық айтты. Біздің пікірімізше, бұл жағдай ағылшын тілі сабағында тыңдалым білігін дамытумен байланысты машықтану жаттығуының аз қолданылуы монолог пен диалог сөз біліктерінің нашар жетілуіне бірден бір себеп болуы да мүмкін. Керісінше, 4-сұрақта оқушылардың 50% пайызы ағылшын тілі сабағында жазу жазатынын, 27% - анда- санда жазу дағдыларын дамытатынын, ал 23%- жазба жұмыстарын орындамайтынын жеткізді. Оқушылардың 73% ағылшын тілі пәнінен жазбаша үй тапсырмасын орындайды. Ағылшын тілінен өз еркімен оқушылардың 18% үйде әртүрлі жазбаша жұмыстар орындаса, 9%- ештеңе жазбайды. 6-сұрақ оқушыларды ағылшын тілі сабағында қызықтыратын оқу әрекеттерімен байланысты болды. Оқушылардың ән айтуға (28%), сөздерді жазуға (36%), сөзжұмбақтарды шешуге (20%) ықыласы ерекше болса, мәтінді тыңдауға немесе сөйлесуге құлшыныстарының байқалмауы (16%) бізді алаңдатпай қоймайды. 7-сұрақ бойынша ағылшын тілі сабағында көбірек сөйлейтін тұлғаны анықтау қиынға соқпады, сабақ уақытының 60% мұғалімге тиесілі екені, барлық оқушылар 40% - бен қанағаттанатыны белгілі болды, бұл мәселе де бізді бей- жай қалдырмайды. 8-сұрақ сабақта оқушылардың ағылшын тілінде сөйлесуді қаншалықты қалайтынымен байланысты болды. Оқушылардың 64% сабақта ағылшынша қатысымға түсуді қалайтыны көңілімізге үміт ұялатса, білім алушылардың 27% бұл мәселеге салқындық танытқаны шешімін іздейтін мәселе екенін айқындай түсті. 9-шы сұрақ ағылшын тілі сабағында жазу мен жазба тілді тапсырмалар орындауға саяды. Оқушылардың 74% жазбаша жұмысқа оң көзқарас білдіріп құптағаны айқындалса, 17% зауқы жоқ екені расталды. Білім алушылардың 9% бұл сұраққа нақты жауап бере алмады. Оқушыларға ұсынылған 10-шы сауал ағылшын тілінде сөйлеу мен жазу оқушылар көзқарасы бойынша қаншалықты қиындық туғызатынын анықтаумен ерекшеленді. Білім алушылардың 56% сөйлеу мен жазба тіл білігін меңгерудің өзіндік қиындығы бар екенін тілге тиек етсе, оқушылардың 27% көңіл қойса, сабақ қызықты болса сөйлесім мен жазу, жазба тілді меңгеруге сенімдері мол екенін білдірді.

Аталмыш зерттеу барысында бастауыш сыныптардан бастап жоғары сыныптарға дейін сөз әрекетінің төрт түрін бір бірімен тығыз байланыста оқыту қағидатын сақтағанда ғана ағылшын тілін бағдарлама талабына сай деңгейде меңгеруге болатынына көзіміз жетті. Белгілі межеге жету үшін рецептивті және продуктивті біліктерді үйлесімді дамыту мақсатында бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жаттығулар кешенін түзу зерттеуіміздің екінші кезеңінің еншісінде.

Пайдаланылған әдебиетер:

1. Джамакеева А. Ағылшын тілін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығулар пайдалану// Шетел тілін оқыту әдістемесі.-2019.№2.-40-42бб
2. Алхазисвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. -М.:Просвещение, 1988.- 128б.
3. Бухбиндер В.А. Очерки методики обучения устной речи на иностранных языках. - Киев, 1990.-247б.
4. Кузьмина Л.Г. Критерий оценки уровня сформированности умений письменной иноязычной речи//Опыт билингвального образования средствами родного и иностранного языков в России. М, «Еврошкола», Часть 2, 1999. - С.56-58.
5. Кладова И.С. Саморегулируемое обучение письменному высказыванию на уроках английского языка //Иностр. языки в школе. -2018. -№9.-С.50-56.

Тоганасова М.С., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультет. ПжП -23 к. тобының студенті.
(*Ғылыми жетекшісі — п.ғ.к., доцент Бейсенбекова.Г.Б.*)

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНДА АРТ-ТЕРАПИЯ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМУ

Қазіргі кезеңде білім беру саласында әр түрлі өзгерістер орын алуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Білім беру саласында балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машағы мен әлеуметтік дағдысын

дамытатын бағдарламалардың бірінғай стандарттарын енгізу қажет» деп 2019 жылғы жолдауында айтқан болатын[1]. Балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қаралуы тиіс. Бүгінгі жаңартылған білім беру саласында әр қилы әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндігі алға қойылды. Соған орай, мектепте педагог-психологтар арт-терапия тәсілдерін өз жұмыстарында кеңінен тиімді қолдануда.

Ресей психологы, медицина ғылымдарының докторы А.И.Копытиннің пікіріне сүйенсек: «Арт-терапия педагог-психологтарының ең мықты, таптырмас құралы болып табылады». Өйткені, арт-терапия тек баланың психикалық процестерін дамытып қана қоймай, психоэмоционалды күйінде реттейді.

Сонымен Арт-терапия тарихына қысқаша тоқталсақ, бұл терминнің авторы британдық суретші – Адриан Хилл. Арт-терапия ағылшын тілінен аударғанда «шығармашылық терапия» немесе «өнермен емдеу» деген ұғымды білдіреді. Адриан Хилл арт-терапияны 1938 жылы санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданған. Ал, 1940 жылдары М. Ричардсон, Дж.Дебуффе және басқалар бейнелеу өнерін психикалық бұзылуларды емдеу үшін қолданды. Суреттер бейсаналық процестерді зерттеу құралы ретінде қолданылды. Арт-терапия өз бастауын З.Фрейд пен К.Г.Юнгтың психоаналитикалық теориясынан алады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек арт-терапевт мамандар психиатр мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арт-терапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арт-терапевт-практиктерді біріктірген американдық арт-терапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арт-терапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда[2].

XX ғасырдың екінші жартысында алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, арт-терапия техникасының даралануын айтуға болады.

Дегенмен де біздің ойымша арт-терапия Қазақстанда дамып келе жатқан жас бағыттың бірі. Болашағы зор үміт күттіреді. Арт-терапия тәсілін балаға да ересек адамға да қолдануға болады. Әсіресе мектеп педагог-психологына дамыту және түзету бағдарламасын қолдану үшін өте тиімді. Мәселен, оқу үдерсінде кейбір балалар ойың жеткізе алмай, ұялып өз-өзіне кіріп кетуі әбден мүмкін. Бала неге ойың жеткізе алмайды деген сұрақ туады? Қиялы дұрыс жетілмеген немесе дұрыс дамымай қалған деуге негіз бар. Өйткені бала көп оқымайды, оқымаған соң өзінің арманын жетелейтін белгілі бір образды құру қиынға соғады. Яғни, қиял арқылы бала ойлайды, қиялдайды, өзіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Сондықтан бала қиялын уақытымен дамыту өте маңызды. Ал, бала қиялын дамытудың ең тиімді әрі бірден-бір жолы - бұл арт-терапия тәсілі.

Арт-терапияның негізгі түрлеріне бейнелеу теарпиясы, ертегі терапиясы, әуентерапиясы, құм терапиясы, би терапиясы, драматерапия, маскатерапия, ойын терапиясы, фототерапия, кинотерапия, қуыршақ терапиясы және т.б. жатады. Аталған терапиялардың ішінен негізгілеріне тоқталып өтсек:

Бейнелеу. Арт- терапияның негізгі техникасы болып табылады. Суретті әр түрлі тәсілдермен салу арқылы бала бойындағы қиындықты анықтауға болады. Қолданылатын заттар: қарындаш, бояу, акварель, бор т.б.

Ертегі терапиясы. Ертегімен жұмыс істеу баланы емдеу мен көмек беруге тікелей бағытталған. Бұл балаға өмірлік қиыншылықтары мен проблемаларына шешім тауып, ертегімен жұмыс істей алатындай жағдай жасайды. Арт-терапияның бұл түрі топпен және жеке жұмысқа ыңғайлы болып табылады.

Әуен терапиясы. Соматикалық және психикалық аурулармен ауратын балалар мен ересектерді сауықтыру, білім беру мен тәрбиелеуде әуенді бақылап, шегімен пайдалану. Әуен әсер етудің негізгі жетекші факторы ретінде немесе басқа түзету әдістерінің әсерін күшейту мен тиімділігін арттыру үшін музыкалық сүйемелдеу ретінде қолданылады.

Құм терапиясы. Құм терапиясы адам психикасын түгелдей қалыпқа келтіріп, іште жатқан «Мен» түсінігін айқын ашуға мүмкіндік береді. М.Ловенфельд өзінің әдістемесін «әлемді құру техникасы» деп атады. Балаларға құмды қалыптар және әр түрлі кішкентай фигуралар беріледі. Бала салған «әлемнің саханасы» оны жасаушы мен терапевтке баланың психологиялық жағдайын түсінуге мүмкіндік береді.

Коллаж техникасы. Әр түрлі журналдардан алынған суреттерден, түрлі-түсті қағаздар мен материалдар қолдану арқылы жасалады. Бұл әр адамға сәттілік сезімін береді.

Драматерапия. Әр түрлі тақырыптағы театрлық қойылымдар арқылы, жағдаяттарды саханалауға арналған бағыт.

Фототерапия. Бұл терапия түрі дайын фотосуреттер мен авторлық фотосуреттерді қолдану арқылы өтеді. Фототерапияның негізгі мазмұны баламен бірге фотобейнелерді құру, қабылдау, толықтыру, талдау т.б. арқылы ұйымдастырылады.

Ойын терапиясы. Ойын терапиясының әсерлі өткенінің белгісі баланың еркін және қуана ойнауға үйренгені болып саналады. Бұл терапияны қолдану спектрі өте кең және травмалық стресс синдромы, амнестикалық компоненті бар балалық шақтағы жарақаттар жұмысында тиімді болып келеді[3].

Осы аталған Арт-терапия түрлерін байланыстырып, қолдануға болады. Мысалы, коллаж техникасы мен ертегі терапиясын байланыстырып көрейік. Ғарыш, жершары туралы ертегі оқимыз. Балада жер, ғарыш туралы ой қалыптасқан соң, ватман қағазына әртүрлі суреттері бар коллаждарды жабыстыруды ұсынамыз. Әр бала өз қиял әлемі арқылы, өз жерін қағаз бетіне түсіреді. Бұл әдіс арқылы әр баланың қиял деңгейін біле аламыз. Терапияның түрін дұрыс қолдана алсаңыз, жақсы нәтиже алатыныңыз анық.

Сонымен Арт-терапия түрлері педагог-психологтар жұмысында өз нәтижесін көрсетуде. Оның ішінде, бала қиялын дамыту үшін ең тиімді арт-терапия түрі - бұл бейнелеу терапиясы. Неге? Десеңіз. Бейнелеу терапиясына ертегі терапиясын қосып, керемет тәсіл жасауға болады. Мәселен, «Ертегіні аяқта» жаттығуын қолданайық. Педагог-психолог бұл әдісті жеке баламен немесе топпен қолдануына болады. Ертегінің басын оқып, соңын балаға аяқтатамыз. Бала ойлау арқылы қиялдай бастайды. Қиялдау процесі іске қосылады. Ертегіні аяқтаған соң, қолына бояу қарындаштарын беріп бейнелеу терапиясын қолданамыз. Қиялдан туған ертегіні қағаз бетіне түсіру барысында бала қиялына қарай суретті өзгертіп отырады.

Арт-терапия тәсілдері арқылы баланың танымдық әрекеттерін және оның қиялын дамытумен қатар, бала бойындағы ерекшеліктер мен қиындықтарын білуге болатының тәжірибеден көруге болады. Демек, бала қиялын дамытуда арт-терапияның тиімді түрінің бірегейі - ертегі терапиясы мен сурет терапиясы. Алайда педагог-психологтар өз жұмыстарында сурет терапиясын кеңінен пайдалана бастады. Олардың айтуынша, сурет терапиясы мен ертегі терапиясы жақсы нәтиже береді. Мысалы: Көңіл-күйі жоқ баланың қолына ақ парақ пен бояу қаламдарын берсеңіз, бала өз ойын, өз эмоциясын, өз қиындығын қағаз бетіне түсіреді. Бұл әдіс әңгімелесу әдісінен де тиімді деп қарастыруға болады.

Демек, ертегі терапиясы - бұл тұлғаның интеграциясы, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сананың кеңеюі, сыртқы әлеммен қарым-қатынасын жақсарту үшін ертегі формасын қолданатын әдіс. Ертегілердің бейнелері бір мезгілде екі ақыл-ой деңгейіне таралады. Сана мен бейсана, бұл қарым-қатынасқа ерекше мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі эмоционалды ортада тиімді коммуникациялық жағдайды құру қажет болған кезде түзету жұмыстары үшін өте маңызды. Ертегінің келесі түзету функциялары ерекшеленеді: шиеленісті эмоционалды жағдайларға психологиялық дайындық, физиологиялық және эмоционалды күйзеліске символдық жауап, физикалық белсенділіктің символдық түрінде қабылдау.

Арт-терапияның бағыттары тұтастай алғанда әр өнер түрінің ерекшелігіне негізделген және техниканың әртүрлілігі іс жүзінде шектеусіз[4]. Мәселен, бала қиялын біз мектепке дейінгі жастан бастап дамытқанымыз жөн. Қиял арқылы мектеп жасына дейінгі бала армандауды үйренеді. Өз ойын жинақтап, жеткізуді үйренеді. Арт-терапия тәсілі арқылы бала қиялын дамыту үшін зерттеу жұмысын жүргізген болатынымын. 7 жасар іңіме ертегі терапиясы мен бейнелеу терапиясын біріктіріп қолдандым. Ертегілер жинағынан «Сараң бай» ертегісін оқып, соңын өзіңе аяқтауды ұсындым. 2-3 минут інім ойланып, мен күтпеген жауапты берді. Ойың бөлмей, тыңдап, жігерлендіріп отырдым. Ертегіні өз қиялымен өте жақсы аяқтады. Құралған ертегіні қағаз бетіне түсіруді ұсындым. Бояу қарындаштары мен ақ парақ бердім. Қиялында ертегіні керемет құрап айтқанымен, қағаз бетіне түсіргенде сәл кідірді. Алайда, суретті өз қиялымен салып, аяқтады. Осыдан мынандай қорытындыны жасауға болады яғни, арт-терапия тәсілі арқылы баланың шығармашылық қиялын, танымдық қабілеттерін дамытуға болады.

Жоғарыдағыларды қорыта келе, Арт - терапия эмоциялық күйді түзететін, танымдық белсенділікті артыратын ең ежелгі және табиғи тәсілдің бір түрі болып табылады. Педагог-психолог жұмысындағы бала қиялын дамытудың негізгі құралы. Арт-терапия шектеусіз болғандықтан, ол өзіміз жайлы ғана емес, өзгелерді де танып білуге психотерапияда да, педагогика бағытында пайдаланылады. Айта кету керек, бұл техникада ешқандай қарсы және шектеулер жоқ. Кез келген адамға арт-терапия шығармашылық арқылы өзіңіздің ішкі әлеміңізді білдіруге мүмкіндік береді. Арт-терапия шығармашылық процесс. Арт-терапия арқылы күйзеліске ұшыраған адамды, психикалық ауытқулары бар және т.б адамдарды емдеу процесінде қолданылады.

Білім беру саласында біз баланың ешбір кедергісіз білім алуына көмек береміз, бірақта баланың психологиялық денсаулығы оның психикалық күйіне психологиялық қолдау көрсету керек. Әрбір қиындықты шешетін құрал болса, арт-терапия ішкі қиындықтарды шешуге көмектесетін «алтын құрал» десе артық емес. Бала өмірінде қиял маңызды процесс. Қиял арқылы бала ойлап, қиялдап қана қоймайды, өз болашағын, арманың, бағындырар белестерін анықтайды. Қиял - бұл қанат секілді. Баланың қанатының қаққаның қаласаңыз, дер кезінде қиындықтарына мән беріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://bilimainasy.kz/>
2. Ковтунович М.Г. Связь психоакустических и психоэмоциональных характеристик восприятия музыки // Мир психологии, 2003. №4. – 184-195 с.
3. Гаврилов В.В. «Изотера» – новые возможности // Искусство аутсайдеров: путеводитель / под ред. В. В. Гаврилова. – Ярославль: Иные, 2016. – 74-75с.
4. Дякина, Н. В. Искусство в терапии человеческой души / Н. В. Дякина // Наука и социум, 2017. –№ 1. – 48-52 с.

Toktau M.K. Karaganda University named after E.A. Buketov, Foreign Languages faculty, MiYa-51, graduate

(Scientific adviser – Candidate of Pedagogic Sciences, associate professor Kopzhasarova U.I.)

THE FLIPPED CLASSROOM AS AN EFFECTIVE TECHNOLOGY OF HIGH SCHOOL STUDENTS' FOREIGN LANGUAGE SKILLS IMPROVEMENT

With the introduction of the updated content of education in Kazakhstan, more and more attention is paid to personality-oriented learning, which, in turn, requires the development of independent and critical thinking skills of students. One of the most effective ways to implement personality-oriented learning and meet these requirements is the "flipped classroom" technology.

This model was first used in practice by American high school teachers Jonathan Bergmann and Aaron Sams in 2000[1]. The introduction of this model possessed the absence of students in the classroom; to compensate the lessons in which students were absent, teachers began to record videos of their lessons. Soon, they realized that if all students were able to watch the lessons at home, in libraries, in places with a computer and Internet access; then they did not need to explain the educational material at school. Thus the "flipped classroom" technology was born. Lessons in the school were henceforth intended for practicing the material studied at home, discussing and completing tasks with the teacher. We should mention that the theoretical basis of this model was created in the year when Alison King published her book "From Sage on the Stage to Guide on the Side" in which she focused on the importance of the use of class time for the construction of meaning rather than information transmission [2]. Due to the fact that this model of learning is relatively new, scientists give different definitions of this term and also consider it in different ways. According to J. Bergmann and A. Sams, flipped classroom technology is a teaching technique where "what was usually done in classroom, under these conditions is performed at home, and what was previously done at home is now performed in the classroom"[1]. Professor R. Tolbert defined flipped classroom concept as a pedagogical approach when first contact with new material is shifted from group educational space to personal space in the form of structured assignments, and as a result, group space is transformed into a dynamic, interactive educational environment where leader guides students as they apply acquired knowledge and involves them in an active educational process[3]. In some scientific works flipped classroom technology is defined as a learning strategy [4]; the blended learning model [5] and approach [6]. However, all definitions have one thing in common: "a flipped classroom is defined as a pedagogical model in which work in the classroom and at home are reversed."

Modern education requires more and more new approaches to learning, and traditional learning is being replaced by the most effective technologies that have more advantages in teaching students. During the coronavirus pandemic, the term "distance learning" became more relevant than ever before, which allowed teachers and students from all over the world to use information and digital technologies in teaching. In this report, we would like to share our experience of using the "flipped classroom" model in distance learning and offer a new look at this concept. According to the generally accepted concept, "flipped classroom" is supposed to mean working in the classroom and getting acquainted with the educational material outside of it